«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
________ Г.Қ. Нұрмағанбетова
«27» 08 2021 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
________ К.С.Медеуова
«27» 08 2021 ж.

# Вариативтік компонент

## «Қызықты математика елі»

Бағдарламаны дайындаған:
№14 «Аққөгершін» ересек тобының тәрбиешісі
Г.С.Жумагалиева

**Қандыағаш қаласы**

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Жумагалиева Гулмира Саматовнаның**
**«Қызықты математика елі» атты еңбегіне**
**Пікір**

Қалап алынған тақырып қазіргі кездегі өте қажетті мәселенің бірі деп санаймын. Бұл бағдарламаның ең негізгі мақсаты балалардың оқу білім дағдыларына көңілді жадыратар сабақ ретінде калыптастыру. Автор аталған еңбегінде балаларды айнала қоршаған ортамен, табиғатпен таныстырудағы алатын орнына ерекше көңіл бөле отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тобына арнап құрастырған және сәйкес топтастырылып, сай ойластырылған. Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, айналаны танып білуін қалыптастыруға, табиғатты еңбекті ұйымдастырудың жолдары қамтылған. Балаларға өзіне-өзі қызмет көрсетуге, айналасындағы достарына көмек көрсете білуіне, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып белсенді еңбек етіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету және жеке тұлғаның қалыптасуына, оның ақыл ойының дамуына, адамгершілік – рухани қасиеттерінің қалыптасуына, еңбек және дене тәрбиесі тұрғысынан өсіп жетілуіне өте жақсы әсер ететіндігі ескерілген. Баланы айнала қоршаған ортамен табиғатпен таныстырып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп баптауға, аялауға үйретудің әдістемелік тұрғыдан нақты көрсетіліп, әрекеттердің құрылымының сақталуына, балалардың танымын дамытуға, еңбекке баулуға, табиғат құбылыстары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіге назар аударылған.

Автор өз еңбегінде халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тыйым сөздер сол сияқты халық болжамдары пайдаланылған және де аталған мәселелерді өз алдына мақсат етіп қойып, көп ізденгені, іс-тәжірибесінде қолданғаны көрініп тұр. Вариативтік бөлім «Қызықты математика елі» тақырыбы бойынша алынып отырған сабағынан балалардың байқампаздығы, шыдамдылығы, тазалыққа бейімделуі, өмірге деген қызығушылығы, өз бетінше еңбек ету қабілеттері дамиды. Тақырып мазмұны жан жақты ашып көрсетілген және балалар үшін қызықты, жалықтырмайтындай қызықты болуы керектігі ескерілген.

Аталған еңбек ересек жастағы балалар тобында жұмыс істейтін қазақ балабақшаларының тәрбиешілері үшін арнайы дайындалғандығын ескеріп іс тәжірибені ұсынуға болады.

**«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы»**
**әдіскері: ________________ Г.С.Құлжанова**

## Түсініктеме хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиіс қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой – өрісін, білім дағдысының деңгейін кеңейту, сана – сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыу, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс- әрекет ойын әрекеті. Ойын әрекетінің бір түрі математика.

Мақсаты:Берілген бағдарламада қызықты дамытушы ойындар арқылы баланы тапқырлыққа, алғырлыққа тәрбиелеу. Ақылымен алдына қойған мақсатына жету қабілеттерін дамыту. Ересек топта баланың дамытушы ойындарды қолдану балалардың балабақша табалдырығын аттағанда білімдерін шыңдауға үлкен үлесін қосады. Өздігінен еңбектене білуге математикалық дамытушылық ойындар көмегі арқылы дағдыландыру.

Міндеті: Балалардың қызығушылығын арттыру. Баланың ойлау қабілетін дамытумен бірге тілін дамыту, сөздік қорын байыту. «Вариативтік компонентті игеріп, баланың білімін нығайтуға жұмыстар жүргізу».

Күтілетін нәтиже: Балалардың білімін тиянақтау. Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Түстерді ажыратып айта білу. Әр түрлі заттар мен материалдардан түрлі пішіндер мен ұқсас заттарды құрастыру.

**Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспары**
**№ 14 «Аққөгершін» ересек тобы**

| № | Тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Оң және сол жақ ұйымдары | 1 |
| 2 | Санамақ | 1 |
| 3 - 4 | Қайсысы биік, қайсысы аласа? | 2 |
| 5 - 6 | Жоғары, төмен ұғымдары | 2 |
| 7 | Геометриялық пішіндер | 1 |
| 8 | Ауыр, жеңіл | 1 |
| 9 | Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке? | 1 |
| 10 | Жұбын тап? | 1 |
| 11 | Қалып қойған санды тап | 1 |
| 12 | Қандай түс? | 1 |
| 13 | «Балық аулау» ойыны | 1 |
| 14 | «Бауырсақ ертегісі математика әлемінде қонақта» | 1 |
| 15 | Қандай пішінге ұқсас? | 1 |
| 16 - 17 | Апта күндері | 2 |
| 18 | Түрлі – түсті мозайкадан пішіндер құрастыру | 1 |
| 19 | Сандардың көршісін тап | 1 |
| 20 | Санды цифрмен жаз | 1 |
| 21 | Цифрлардың көмегімен сурет салайық | 1 |
| 22 | Қай қолымда зат көп? | 1 |
| 23 - 24 | Тәуліктің бөліктерін ата | 2 |
| 25 | «Дүкен» ойыны | 1 |
| 26 | Сиқырлы қапшық | 1 |
| 27 | Қайсысы көп, қайсысы аз? | 1 |
| 28 | Ойын: «Ою құрастыру» | 1 |
| 29 | Сандарды ретімен орналастыр | 1 |
| 30 | Сандармен жасырынбақ ойыны | 1 |
| 31 | Дыбыс арқылы санды тап | 1 |
| 32 | Ұзындықты өлщеу | 1 |
| 33 | «Сиқырлы таяқшалар» | 1 |
| 34 | Өлең есептерді шеш | 1 |
| 35 | Сиқырлы шаршылар | 1 |
| 36 | Кім жүйрік? | 1 |

**Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспары**
**№ 14 «Аққөгершін» ересек тобы**

| № | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| 1 | Оң және сол жақ ұйымдары | Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Оң және сол ұғымдарын ажырата білуге үйрету. |
| 2 | Санамақ | Балалардың санамақтар арқылы тілін дамыту, ақыл – ойын жетілдіру, санау дағдысын меңгерту. |
| 3 - 4 | Қайсысы биік, қайсысы аласа? | Биік, аласа ұғымдарымен таныстыру. Шамаларды, заттарды салстыра білуге үйрету. Ұғымдарды қалыптастыруға жаттықтыру. |
| 5 - 6 | Жоғары, төмен ұғымдары | Айналадағы заттардың орналасуын орналасуын жоғары, төмен түсіндіру. Ұқыптылыққа, мақсатқа жете білуге, өз ойларын жеткізе білуге машықтандыру. |
| 7 | Геометриялық пішіндер | Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажырата білуге үйрету. |
| 8 | Ауыр, жеңіл | Балаларды әр түрлі заттар мен материалдардың өз салмағы болатыны тураты түсінік қалыптастыру |
| 9 | Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке? | Балаларды жуан – жіңішке ұғымдарымен таныстыру.Заттарды жуандығына, жіңішкелігіне қарай салыстыру. Ойын, тілн дамыту. |
| 10 | Жұбын тап? | Балаларды заттардың жұбын табуға төсілдіру. Көру, ойлау қабілетін дамыту. |
| 11 | Қалып қойған санды тап | 1 - ден 5 – ке дейін сандарды тура және кері санап, жасырған көрші |

| | | |
|---|---|---|
| | | санды табу. |
| 12 | Қандай түс? | Түстерді ажырата білуге жаттықтыру, түстердің аттарын білуге дағдыландыру, тілін, ойлау қабілетін дамыту. |
| 13 | «Балық аулау» ойыны | Аквариумға кішкентай балықтардың бейнесін орналастырып, қармақпен балықты аулау. «Аз, көп» ұғымдарын меңгерту. |
| 14 | «Бауырсақ ертегісі математика әлемінде қонақта» | Ертегі арқыы математикалық білім дағдыларын шыңдау. 1-5 дейінгі сандарды тура, кері сану. |
| 15 | Қандай пішінге ұқсас? | Балаларды геометриялық пішіндермен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Пішіндерді бір – бірінен ажырата білуге үйрету, айналадағы заттарға ұқсата білуге дағдыландыру. |
| 16 - 17 | Апта күндері | Апта күндерінің атауын, неше күннен тұратынын есте сақтау. |
| 18 | Түрлі – түсті мозайкадан пішіндер құрастыру | Балаларға заттың күрделі пішінін жіктей білуге, оны әртүрлі кеңістікте орналасқанвн жекелеген элементтерін бөліп көрсетуге көмектесу. |
| 19 | Сандардың көршісін тап | 1 – ден 5 – ке дейін тура және кері санауға, санның көршісін табуға, санамақтар, жұмбақтар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| 20 | Санды цифрмен жаз | Сандарды оқу,жазу, салыстыру дағдыларын дамыту. Ауызша қосу мен азайту дағдыларын бекіту. Логикаық ойлауды дамыту. |
| 21 | Цифрлардың көмегімен сурет салайық | Цифрларды бірінен кейін бірін сызықтар арқылы қосып, бецнелер салу дағдысын үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| 22 | Қай қолымда зат көп? | Көп ұғымынан бірді бөліп алуға үйрету. |
| 23 - 24 | Тәуліктің бөліктерін ата | Тәулік бөліктерін қайталап айтуға үйрету. Зейін қоюға , ыждағаттылыққа тәрбиелеу. |
| 25 | «Дүкен» ойыны | Балалар 5 көлеміндегі сандарды ауызша «бағасы, саны, құны» деген ұғымдарын меңгеру. |
| 26 | Сиқырлы қапшық | Жалпақ және көлемді геометриялық пішіндердің аттары мен белгілерін қайталау. |
| 27 | Қайсысы көп, қайсысы аз? | Заттарды санына қарай салыстыруды үйрету. Көп, аз теңестіру жолдарын меңгерту. |
| 28 | Ойын: «Ою құрастыру» | Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элементтерін құрастыру. Түсі мен бөліктерді сәйкестендіріп, қандай ою – өрнек құрастырғанын сұрау. |
| 29 | Сандарды ретімен орналастыр | 1 – 5 дейінгі сандармен таныстыруды бекіту. Сандарды цифрме таңбалау. |
| 30 | Сандармен жасырынбақ ойыны | Балаларды жасырынан санды әлденеше рет санау арқылы табуға үйрету. Санның қатарын, ретін білуін жетілдіру. |
| 31 | Дыбыс арқылы санды тап | Балалар ұқыпты тыңдап отырып, тәрбиешінің неше рет тықылдатқанын санап, алдарындағы сандарды көрсету. |
| 32 | Ұзындықты өлщеу | Ұзын – қысқа ұғымдарымен таныстыру. Ұзындықтың өлшемдері жайлы түсінік беру. |
| 33 | «Сиқырлы таяқшалар» | Балаларды таяқшаларды пайдалана отырып, геометриялық пішіндер |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрастырып үйрету. |
| 34 | Өлең есептерді шеш | Сөзжұмбақтарды шешу, қызықты әзіл-есептерді шығару, логикалық жаттығуларды орындау – баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. |
| 35 | Сиқырлы шаршылар | Балалардың пішіндер туралы білімдерін толықтыру, оларды ажыратып атай білуге үйрету. Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін ойын арқылы дамыту, қызығушылығын арттыру. Өз ойларын жеткізе білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| 36 | Кім жүйрік? | Тәрбиеленушілердің математикалық білімдерін тереңдете түсу, логикалық ойлауды, тапқырлықты дамыту, қабілетті және дарынды балаларды көрсету.Тәрбиеленушілерді ұйымшылдыққа, жеңімпаз озық болуға тәрбиелеу. |